

"Қазэкспортастық" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 маусым 1994 ж. N 607

"Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 1311 U931311_ Жарлығын орындау үшін және астық пен оны өңдеуден алынған өнімдердің экспорты мен импортын ұйымдастыруды жетілдіру, республикаға валюта түсімдерін ұлғайту, астық өнімдері саласының кәсіпорындардың ең соны шет ел технологияларымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің жанынан "Қазэкспортастық" мемлекеттік акционерлік қоғамы негізінде "Қазэкспортастық" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

2. Компания "Қазэкспортастық" мемлекеттік акционерлік қоғамының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазэкспортастық" акционерлік қоғамының акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға табыстайтын болсын.

4. Компанияға:

астық өнімдері жүйесінің кәсіпорындары мен ұйымдарына астық пен оны өңдеуден алынған өнімдердің экспортын, қайта экспорты мен импортын, оның ішінде баспабас операциялар негізінде, сондай-ақ шикізат, материалдар, жабдықтар мен басқа да өнімдердің импортын жүзеге асыру;

астық өнімдері жүйесінің кәсіпорындары әлемдік нарыққа тиімді түрде қатысуын қамтамасыз ету, экспорт әлеуетін ұлғайту және өндірілетін өнімнің сапасын арттыру мақсатында олардың сыртқы экономикалық қызметіне жәрдемдесіп отыру тапсырылсын.

5. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының келісуі бойынша Компания:

астық өнімдері жүйесі кәсіпорындарының әлемдік стандарттарға сай келетін жоғары сапалы өнім өндіру жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлеу мен оларды жүзеге асыруына қатысады;

астықты сақтау мен ұқсату кәсіпорындарында озық технологиялар мен жоғары өнімді жабдықтарды енгізу үшін шет ел инвестициялары мен кредит ресурстарын тарту жөніндегі жұмысты жүргізеді.

6. "Қазэкспортастық" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы заңды

ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасы заңдары, өз жарғысы негізінде іс-әрекет жасайды және өз қызметін Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің басшылығымен жүзеге асырады. Компанияның басшысын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының келісілген ұсынысы бойынша тағайындайды.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен, "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясымен және Компаниямен бірлесіп бір ай мерзімде Компанияның құрылтай құжаттарын әзірлеу және белгіленген тәртіп бойынша тіркеу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі